



БҰЙРЫҚ

П Р И К А З

22.05.2024 № 01-374-14

Жаңаөзен қаласы

город Жанаозен

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін
2024 жылға арналған мемлекеттік
гранттардың басым бағыттарының
тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №406 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру, мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау қағидаларының 9-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Үкіметтік емес ұйымдар үшін 2024 жылға арналған мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Тізбе Жаңаөзен қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылсын, сондай-ақ осы бұйрықтан туындайтын өзге де шаралар қабылдансын.

3. Бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысының м.а.

Ж.А. Калиева

Үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттардың 2024 жылға арналған басым бағыттарының тізбесі

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Нысаналы индикатор	Материалдық-техникалық базаға қойылатын талаптар (ұзақ мерзімді гранттарды іске асыру кезінде ғана белгіленеді)
1.	Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу	Жаңаөзен қаласында ұлттық тәрбие беру мен отбасы құндылықтарын нығайту, отбасы институтын дамыту	Отбасы қатынастарын нығайту, құндылықтарды дәріптеу, ұлттық тәрбиені қалыптастыру, отбасыда туындаған мәселелердің оңтайлы шешімдерін ұсыну, заң шеңберінде қарау. Отбасы институтын дамыту. Аталған жұмысты семинар-тренингтер, мастер-класстар, пікірталас өткізу және бейнеролик, арқылы ұйымдастыру	11 000 тг. (11 млн тг)	1 қысқа мерзімді грант	Нысаналы индикатор: Отбасы және ұлттық құндылықтарды дамытуды ұйымдастыру жолымен Жаңаөзен қаласында кемінде 500 жасты қамту; Күтілетін нәтиже: 1) Жаңаөзен қаласында кемінде 350 қатысушы оның ішінде жастар өкілдерінен кемінде 250 адам қатысуын қамтамасыз ете отырып, "Рухани байлық ұлттық құндылықтар" форумын ұйымдастыру;	

					2) Жаңаөзен қаласында Әкелер форумын ұйымдастыру кемінде 250 қатысушы оның ішінде жастар өкілдерінен кемінде 150 адам қатысуын қамтамасыз ете отырып; 3) Жаңаөзен қаласының жастары арасынан кемінде 100 қатысушының қатысуын қамтамасыз ете отырып, қазақ дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары тақырыбы бойынша "Саналы ұрпақ ұлт болашағы " зияткерлік ойындарын өткізу; 4) Сарапшылардың "Берік отбасы, берік қоғам, берік ұлт"тақырыбында аналардың пікірталас кездесуін ұйымдастыру (саны кемінде 100 қатысушы); 5) Некеге дейін қажетті білімді талқылайтын сарапшылардың қатысуымен "Үйленбей тұрып үйрен" подкастының түсірілімін ұйымдастыру, содан кейін әлеуметтік желілерде тарату. (ақпараттық қамту	
--	--	--	--	--	--	--

						15000 қаралымнан кем емес); б) Әлеуметтік желілерде одан әрі тарата отырып, "лудоманияның алдын алу", "қыздар арасында ерте жүктіліктің алдын алу", "отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу" тақырыбында 3 бейне-ролик (мемлекеттік тілде және орыс тілінде субтитрлермен) түсіруді ұйымдастыру.	
--	--	--	--	--	--	---	--